

Алматы қаласы бойынша 2001 жылғы қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемдер мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Алматы қаласы Әкімінің 2000 жылғы 05 желтоқсандағы N 1133 шешімі. Алматы қалалық Әділет басқармасымен 2000 жылғы 28 желтоқсанда N 1133 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы Әкімінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 5/778 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы Әкімінің 31.12.2003 N 5/778 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 шілдедегі N 160-1 "Қоршаған ортаны қорғау" туралы Заңының 10 бабының 2 тармағы, 20 бабының 1 тармағы және 29 бабы негізінде, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 01.12.98 жылғы N 1213 ~P981213 "Қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемақы алу ережесі" туралы бекітілген Қаулысының 8, 12, 13 баптарына сәйкес Алматы қаласының Әкімі

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Алматы қаласы бойынша қоршаған ортаны ластағаны үшін 2001 жылға арналған төлемдер мөлшері 2001 жылғы 1 қаңтардан бастап бекітілсін (N№1 қ о с ы м ш а) .

2. Алматы қаласында тіркелген табиғатты пайдаланушыларға 2001 жылдың 1 қаңтарынан бастап қоршаған ортаны ластағаны үшін 2001 жылғы төлемдер мөлшеріне сай төлемдер жасау жүктелсін.

3. Алматы қалалық қоршаған ортаны қорғау аумақтық басқармасы (Шатов Е.И.), Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Алматы қалалық салық комитеті (Қалижанов Б.У.), Алматы қалалық қоршаған ортаны қорғау қоры (Жұбатов Ж.) қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемдердің уақытылы түсуін қамтамасыз етсін.

4. Қалалық қоршаған ортаны қорғау қоры (Жұбатов Ж.) бұқаралық ақпарат құралдары ("Алматы Ақшамы" және "Вечерний Алматы" газеттері) арқылы қоршаған ортаны ластағаны үшін 2001 жылға арналған төлемдер мөлшерін 2001 жылдың 31 желтоқсанына дейін табиғатты пайдаланушыларға жеткізсін.

5. Алматы қаласы Әкімінің 1999 жылғы 29 қарашада қабылдаған "Алматы қаласы бойынша қоршаған ортаны ластағаны үшін 2000 жылғы төлемдер мөлшерін бекіту туралы" N№1143 ~V99r087 шешімінің күші жойылған деп

т а н ы л с ы н .

6. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы Әкімінің бірінші орынбасары А.Қ.Бижановқа жүктелсін.

Алматы қаласының Әкімі

В.Храпунов

А л м а т ы

қ а л а с ы

Ә к і м і н і ң

2000

ж ы л ғ ы

05

ж е л т о қ с а н д а ғ ы

N

1 1 3 3

ш е ш і м і н е

N 1 қосымша

**Алматы қаласы бойынша қоршаған ортаны ластағаны
үшін 2001 жылға арналған
ТӨЛЕМДЕР МӨЛШЕРІ**

№	Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Төлем мөлшерлері
1.	Тұрақты көздердің ластағаны үшін	теңге/ш.т	469
2.	Жылжымалы көздердің жұмыс істегенде ластағаны үшін:		
	этилденбеген бензин жанармайымен	теңге/т	677
	сонымен қатар, ластауды төмендететін әдістерді пайдаланған кезде	теңге/т	569
	дизель жанармайымен	теңге/т	1070
	сонымен қатар, ластауды төмендететін әдістерді пайдаланған кезде	теңге/т	900
	сұйытылған мұнай газымен	теңге/т	607
	сығылған табиғи газбен	теңге/1000 м3	410
	этильденген бензин жанармайымен	теңге/т	8330
3.	Су көздерін ластайтын заттарды тастағаны үшін	теңге/ш.т.	5000
4.	Тұтыну және өндіріс қалдықтарын орналастырғаны үшін:		
	ұлылығы V сыныпты ластаушы	теңге/т	525
	ұлылығы IV сыныпты ластаушы	теңге/т	1050
	ұлылығы III сыныпты ластаушы	теңге/т	2100
	ұлылығы II сыныпты ластаушы	теңге/т	8400
	ұлылығы I сыныпты ластаушы	теңге/т	16800
	Радиоактивтік қалдықтарды орналастырғаны үшін:	теңге/Гбк	23
	Айрықша қорғалатын табиғи аймаққа (АҚТА) кіргені үшін:		
	жеңіл автокөліктері	теңге/көлік	150
	жүк және автобус көліктері	теңге/көлік	400
	Проксимити-карталар алатын автокөлік иелері	теңге/көлік	Көп рет өткен үшін 10% жеңілдік (кемінде 10 рет)

5.	АҚТА аймағында тұратын немесе саяжай учаскелері бар автокөлік иелеріні	теңге/тоқсан	200
	АҚТА аумағында жұмыс істейтін автокөлік иелері	теңге/тоқсан	500
	АҚТА аумағында ұйымдардың автокөліктері	теңге/тоқсан	1000
	Арнаулы автокөліктер және дипломатиялық корпустың автокөліктері	теңге/көлік	АҚҚОҚБ беретін рұқсаттамалары бойынша тегін
	ҰОС мүгедектерінің, қатысушыларының еңбек ардагерлерінің, зейнеткерлердің автокөліктері	теңге/көлік	Құжаттарын көрсетсе, тегін
6.	Қаланың атмосфералық ауасын бөгде көліктердің ластағаны үшін:		
	бензин жанармайымен жұмыс істейтін жеңіл көлік	теңге/көлік	392
	сонымен қатар, ластауды төмендететін әдістерді пайдаланған кезде	теңге/көлік	329
	бензин жанармайымен жұмыс істейтін жүк және автобус көлігі	теңге/көлік	738
	сонымен қатар, ластауды төмендететін әдістерді пайдаланған кезде	теңге/көлік	658
	дизель жанармайымен жұмыс істейтін жүк және автобус көлігі	теңге/көлік	940
	сонымен қатар, ластауды төмендететін әдістерді пайдаланған кезде	теңге/көлік	790
	Тракторлар	теңге/көлік	1175
	газ отынымен жұмыс істейтін көліктер	теңге/көлік	157
7.	Қала аумағындағы жасыл желектерді сындырғаны үшін (қалпына келтіру) төлем ақысы:		
	жеке тұрған құнды ағаштарды	теңге/дана	28171 дейін
	жеке тұрған ағаштарды	теңге/дана	20021 дейін
	бұташаларды	теңге/дана	1051 дейін
	жасыл бауларды	теңге/1к.м.	804 дейін
	көк желектерді	теңге/1ш.м	296 дейін
	гүлзарларды	теңге/1ш.м	804 дейін

А л м а т ы қ а л а л ы қ қ о р ш а ғ а н
 о р т а н ы қ о р ғ а у қ о р ы н ы ң
 директоры Ж.Жубатов